




**СУИЦИД:
БАЛАНЫҢ
ӨМІРІ
ОЙЫНШЫҚ
ЕМЕС**

4-бет



МАСЫЛБАЙ

6-бет



**ҚАРА
МЫСЫҚ**

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№51 (3582) 18 шілде 2023



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҰСТАНЫМЫ - АШЫҚТЫҚ



Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу саласының қай жұмысы болса да, ашықтық дейтін айқын ұранды мықтап ұстанған. Жоқты бар етіп, қиынды қиыстырып, тар жерден жол табамын дейтін пысықайлар мен бұқпантайлап қалуды жөн санайтындарға мүлде жол жоқ. Әр бастама қалың бұқараның қырағы назарында, әркез ұйымдастырылатын конкурстар ашық ақпарат көздері арқылы өткізіледі. Бұл – Қызылорда облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыс сипаты.

Қажырлы еңбек пен тиянақты тексерістің арқасында мемлекеттік сатып алу конкурстары оңтайланды деуге толық негіз бар. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және жергілікті атқарушы органдарға түсетін жүктемені азайту мүмкін болып отыр. Атаулы бағыт бойынша облыстық басқармалар мен барлық аудан, қала әкімдіктері және оларға тиесілі мекемелер арасында мемлекеттік сатып алу бір ізге түсті.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢІМЕ

**Меңдіғали БАҚТЫҒҰЛОВ,
Атырау қаласы №2 сотының
судьясы:**

**«ТҮЗЕЛЕМІН,
ЖАҢА ӨМІР
БАСТАЙМЫН
ДЕГЕНДЕРГЕ
МҮМКІНДІК БАР»**

**– Заңдарды ізгілендіру,
жаза басқандардың қатарға
қосылуына жағдай туғызу бағы-
тында жүргізіліп жатқан ша-
ралар көп. Олардың нәтижесі
қандай?**

– Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру кешенді құқықтық институт болып табылады. Оларды қолдану мәселелері Қылмыстық кодекстің 72, 73, 86 және 87-баптарымен, Қылмыстық-процестік кодекстің 476, 477, 478 және 480-баптарымен және Қылмыстық-атқару кодексінің 161, 162 және 169-баптарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру және жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты – жазасын өтеушілердің түзелуіне орасан зор ықпалын тигізіп, олардың мінез-құлқын қалыптастырудағы тиімді ынталандырудың бір тәсілі. Бұл мәселе түрмеде жазасын өтеушілердің санын төмендетуге, қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге бағытталған қадамның бірі десе де болады.

Қылмыстық заңнама жаза тағайындауда әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғанның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алуды мақсат етеді. Жалпы, сотталған азамат түзелуге ниеттенсе, оған мүмкіндік берілуі қажет.

– «Түрме түземеңді» дегенді көп естиміз. Жалпы, сотталған адамды қоғамға бейімдеу қиын ба?

– Сотталғанның түзелуі – өте күрделі психологиялық, әлеуметтік-құқықтық, моральдық категория. Әрбір оқиғаның өзіндік факторы болады. Сондықтан әрбір іс бойынша істің мән-жайы жан-жақты зерделеніп, назарға алынуы тиіс.

(Соңы 5-бетте)

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Сот билігі – қоғамда туындаған істер мен дауларды шешеді және сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьялар тек Конституция мен заңдарға ғана бағынады. Сондықтан сот судьясы әрбір іс бойынша сот актісін Қазақстан Республикасының атынан қабылдайды және ол республиканың бүкіл аумағында орындауға жатады.

Біздің еліміз егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет. Демократия деп халықтың билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылысты айтамыз. Осы негізде сотта заңды күшіне енген шешімдер, ұйғарымдар мен қаулылар жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін. Яғни тараптардың арыз-шағымы негізінде сот қабылдаған шешімді жоғары тұрған сот өзгертуге, күшін жоюға құқылы.

Мәселен азаматтық, қылмыстық істерді қайта қарауға – бұрын қаралған істі дұрыс шешу үшін елеулі маңызы бар, туындаған немесе орын алған, алайда олар туралы сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін белгілі болған заңды фактілер

негіз. Мағынасы бойынша басқа сот актісін шығаруға алып келетін заңды фактілер елеулі маңызы бар деп танылады.

Соттар АПК-нің 455-бабының бірінші бөлігінің заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін дербес негіз болып табылмайтынын ескеруі керек. Қайта қарау үшін нақты негіздер АПК-нің 455-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген, олар толық болып есептеледі және кеңейте түсіндіруге жатпайды.

Сондықтан соттардың іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарымдары, сондай-ақ бірінші сатыдағы соттың төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты және төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы

СОТ ШЕШІМІН ТЕК СОТ ҚАНА ӨЗГЕРТЕДІ



А.САЙДУЛЛАЕВ
Шиелі аудандық сотының
судьясы

арызды қарау нәтижелері бойынша ұйғарымдары жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Іс мәні бойынша шешілмеген бірінші сатыдағы соттың өзге де актілері (мысалы, талап қою арызын қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым, талап қою арызын қайтару туралы ұйғарым, процестік мерзімді қалпына келтіру туралы немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарым, сот шешімін түсіндіру туралы ұйғарым, жеке ұйғарым) жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралмайды.

Заңды күшіне енген заңсыз және негізсіз сот актілерін түзету – сот жүйесінде азаматтық істерді қадағалау тәртібімен қайта қарау арқылы жүзеге асырылады. Қадағалау тәртібімен істерді қайта қарау өндірісінің мақсаты – төменгі инстанциялардағы соттардың шығарған актілерінің заңдылығын тексеру. Бұл институт азаматтардың, ұйымдардың, мемлекеттің бұзылған құқықтарын,

бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталады. Тағы бір ескеру кететін жайт, азаматтық іс жүргізу сатысының жеке дербес саты-сы ретінде сот актілерін қадағалау тәртібімен қайта қарау – түпкілікті мақсатқа жету үшін бағытталған іс жүргізу әрекеттерінің жиынтығы деп қарастыратын болсақ, түпкілікті бір мақсатқа жету үшін оны реттейтін заң нормалары жекелеген азаматтар мен ұйымдардың және мемлекеттің мүддесін қорғау үшін жауап бере алуы тиіс.

Осылайша сот азаматтық және қылмыстық істерді қадағалау тәртібімен қайта қарау кезінде қолданыстағы барлық заңдардың тармақтарын негізге ала отырып, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актілерінің күшін жоя алады және оларды өзгерту негіздерін қайта қарайды.

МӘСЕЛЕ

ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТУ ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛДЫ АЗАЙТА МА?



Жыл сайын 400-ге жуық қазақстандық қыз-келіншек тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді екен. 2023 жылдың басынан бері өз үйлерінде 18 әйел ажал құшты. Олар аурудан көз жұмған жоқ, күйеуінің немесе бірге тұратын ер адамының қолынан қаза тапты. Айта кетейік, ҚР ІІМ хабарлағандай, алдағы уақытта отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік қатаңдатылады. Аталған шара қаншалықты тиімді болмақ?

Мемлекет басшысы азаптау мен қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын әрекеттердің алдын алу саласындағы адам құқықтары мәселесі бойынша заңға қол қойғаны бәрімізге белгілі. Заң отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтеді. Осы туралы Кентау ҚПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция лейтенанты Айжан Абдуқадыр түсіндіріп айтып берді.

«Парламент депутаттары түзетулерді қолдады, Мемлекет басшысы оларға қол қойды. ҚР ҚК өзгерістері 15 мамырдан бастап, ӘҚБтК 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді», – деп түсіндірді Кентау ҚПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы.

Жыл сайын полицияға тұрмыстық жанжалдар туралы 100 мыңнан астам өтініш пен хабарлама келіп түседі. Бұл саладағы заңнама біресе қатаңдатылды, біресе жеңілдетілді, бірақ бұл айтарлықтай өзгерістер әкелмеді. Оның үстіне, 2015-2016 жылдары 100 мыңнан астам хабарлама бойынша кінәлілер ешқандай жазаға тартылған жоқ. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері басқа проблемаға тап болды. Жәбірленушілер көбінесе агрессорға қаржылық және психологиялық тәуелді болғандықтан, шағымданғысы келмейді. ІІМ тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы әрбір хабарламаға ден қою шараларын қолда-

нады, алайда 60% жағдайда жәбірленушілер арызданудан бас тартады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жәбірленушінің өтініші болмаса, отбасындағы бәлекорды жауапқа тартуға болмайды. Нәтижесінде жазасыздық бассыздыққа әкеледі, қол жұмсау әдетке айналады, көбінесе мұның салдары ауыр болады екен. Биылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 26 мың қорғану нұсқамасы шығарылды. Жанжалқойларға қатысты 17,5 мың әкімшілік хаттама жолданды. Сот шешімі бойынша 4 мыңнан астам адам қамауға алынды. Алайда, жәбірленушілердің жартысына жуығы сотта агрессорлармен татуласты. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанған жағдайлары жиі кездеседі. Мемлекет басшысы 2022 жылғы қыркүйектегі жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы тапсырма берді. Оған сәйкес, ІІМ осындай құқықбұзушылықтарды тіркеудің арызданудан анықтаушы сипатына көшуді көздейтін заңнамалық өзгерістер әзірледі. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, полиция жанжал болған жерге келгеннен кейін жәбірленушілер арыз жазудан бас тартады. Мұндай фактілер жиі орын алған. Алайда, полиция кеткеннен кейін жанжалдар қайта басталып, кейде ауыр зар-

дарпаға әкелетін жағдайлар да орын алады. Мұндай оқиғаларды БАҚ-ты берілген жаңалықтардан көріп отырымыз.

– Тұрмыстық құқықбұзушылықтарды тіркеуді арыздану сипатынан анықтау сипатына көшіру керек. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрмыстық зорлықтан

Биылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 26 мың қорғану нұсқамасы шығарылды. Жанжалқойларға қатысты 17,5 мың әкімшілік хаттама жолданды. Сот шешімі бойынша 4 мыңнан астам адам қамауға алынды. Алайда, жәбірленушілердің жартысына жуығы сотта агрессорлармен татуласты.

зардап шегушілер өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген кезде полицияға жүгінеді, ал полиция қызметкерлері келгеннен кейін агрессорларға қарсы арыз жазудан бас тартады. Өткен жылдың өзінде мұндай фактілер 70 мыңнан асты. Көбінесе полиция келіп кеткеннен кейін отбасындағы жанжал әрі қарай жалғасады, кейде бұл ауыр зардаптарға әкеліп соғып жатады. Ұсынылған түзетулер зардап шегушілердің өтінішінсіз, яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қозғауға мүмкіндік береді. Хаттама толтыру үшін оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасы, жәбірленушіден түсініктеме алу, куәлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау ка-

мераларының, сондай-ақ полицейдің бейнетіркегішінің жазбасы жетіп жатыр. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігін болдырмаймыз, – деді полиция лейтенанты.

Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігі алынып тасталады. 2022 жылы тұрмыстық жанжалдар бойынша сотқа 47 мың әкімшілік хаттама жіберілді, оның 20 мыңы татуласуға байланысты тоқтатылған. Енді сотта бір рет қана татуласуға болады.

– Өтініш болған жағдайда

– Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің шеңберінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқықбұзушылықтар жасағаны үшін 73-бап, 73-1-бап, 73-2-бап, 461-бап, 669-баптың 2-бөлігі, 669-баптың 3-бөлігі, әкімшілік қамауға алу мерзімдері айқындалған. Бұл баптардың бәрінен «дейін» деген шектеуді алып тастадық, 10, 15, 20 тәулік қамауға алу қалдырылды, сондай-ақ қайталанған құқықбұзушылықтар бойынша 25 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу мерзімі ұзартылды. Қолданыстағы заңнама бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқықбұзушылықтар жасағаны үшін 5, 10 немесе 15 тәулікке дейін қамау қарастырылған. Тәжірибеде соттар қаулы шығарған уақытта 1 тәуліктен 5 тәулікке дейін ғана қамаумен шектелетін. Сонымен, жаңа өзгерістерде отбасылық жанжал үшін агрессорға ескерту немесе 5 тәулікке қамау қарастырылып отыр (қолданыстағы 5 тәулікке дейін). Енді осы құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанған уақытта ескерту берілмейді, бірден 10 тәулікке қамалады (қолданыста 10 тәулікке дейін). Ұрып-соққаны үшін – 10 тәулікке (қолданыста 10 тәулікке дейін) қамау, қайталанса – 20 тәулікке (қолданыста 15 тәулікке дейін) қамау қарастырылып отыр, – деді полиция лейтенанты.

Атап айтқанда, тұрмыстық жағдайда «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған адамға қатысты жасалған» ауыр жарақат және орташа ауырлықтағы дене жарақатын келтіргені үшін ауырлататын қылмыстық жауапкершілік туындайтын болады. Қылмыстық кодекстің 106 және 107 баптарында көрсетілген «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған адамға қатысты іс-әрекет жасау» деген ауырлататын мән-жайлар енгізілді.

– Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін – 15, қайталанса – 25 тәулікке қамау. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін ескертуді алып тастадық, енді тек 10 тәулік қамау қарастырылады. Мінез-құлыққа ерекше талаптар орнатуды бұзғаны үшін айыппұл алып тасталды, ал қамаудың мерзімі 10 тәулікке ұлғайтылды. Құқық бұзу қайталанса

– 20 тәулікке қамау, бұрын ол 10 тәулікке дейін болған. Қылмыстық кодекстің жекелеген баптарына (ҚК 106-бабы, ҚК 107-бабы) ауыр және орташа ауырлықтағы денсаулыққа зиян келтіруге байланысты «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділігі бар адамға қатысты іс-әрекет жасау» деген саралау белгісі енгізілді. Бұл оларды шағын ауырлықта орташа ауырлыққа ауыстыруға және қылмыскерді оқшаулау үшін қамауға алу түріндегі санкцияны қолдануға, сондай-ақ жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді. ҚК 106-бабының 1-бөлігінің санкциясы 3 жылдан 8 жылға дейін, 106-бабының 2-бөлігі бойынша 6 жылдан 10 жылға дейін ҚК 107-бабының 1-бөлігінің санкциясы 2 жылға дейін, 2-бөлігіне 2 жылдан 3 жылға дейін ұзартылды. Ағымдағы жылдың 16 наурызында бұл түзетулерді Парламент депутаттары қолдап, Мемлекет басшысы қол қойды, – деді Айжан Абдуқадыр.

Сондай-ақ, оның айтуынша, түзетулер сотталғандардың денсаулығын сақтау құқығын жүзеге асыру, ауыр сырқаттар болған кезде адамгершіліктен қарау, сотталған әйелдердің балаларымен әлеуметтік байланыстарын сақтау, алғаш рет сотталғандар арасында заңға бағыну мінез-құлық тетіктерін кеңейтуді, сондай-ақ ұлттық заңнаманы БҰҰ-ның азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына сәйкес келтіруді көздейді. Заңның тағы да бір жаңалығы – бейнежазбаны қолданған жағдайда тергеушінің қысқаша хаттама жасау құқығының енгізілуі. Бұл процесуалдық мерзімнің қысқартуы және азаптауды болдырмауды қамтамасыз етеді. Норма азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға, тергеу әрекеттерін жүргізу уақытын қысқартуға және бюрократиядан арылуға бағытталған.

Елімізде қаншама нәзік жандар зорлық-зомбылықтың құрбанына айналууда. Көптеген әйелдер қазақы дәстүрді ұстанып, «балаларымның әкесі ғой» деп арызданбайды. Соның салдары қанша әйелдің өмірін өксітіп келеді.

Раушан НАРБЕК, Түркістан облысы

ТАҒЫЛЫМ

«БИДЕ ҚЫРЫҚ КІСІНІҢ АРЫ БАР»

Ел аузында әділдіктің нышаны болған «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» деген бабаларымыздан қалған қастерлі сөз құлағымызға әбден жатталып қалған. Қазақ қоғамындағы бұрынғы би-шешендер осындай мәртебе арқылы ел сеніміне ие болып, «қара қылды қақ жарған» әділ шешімдерін кесіп айтқан.

Кешегі билердің ізбасарлары – қазіргі сот судьялары. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, судьяның әділ төрелікті деп басып айтуы маңызды. Осы бағыттағы сот жүйесіндегі реформалар тәуелсіз Қазақстанның жаңа Қазақстан құру жолында әділ сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін, көтерер жүгін арттырады. Есесіне халықтың сотқа деген сенімі нығайып, сот корпусы жаңа деңгейге көтерілді.

Бүгінгі Қазақстанның сот жұмысы Конституциямен және «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңымен реттеледі. Қазақстанда сот төрелі-

гін тек сот қана жүзеге асыратыны Ата Заңымызда айқын жазылған. Еліміздің сот жүйесін ҚР Жоғарғы Соты, ҚР Конституциясына және Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Уақыт ағымына сай сот жүйесі еліміздегі түбегейлі өзгерістермен тікелей байланысты реформаларды бастан өткеруде. Реформалардың мақсаты – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру. Соның бірі ретінде Конституциялық соттың қайта құрылуын атап өтуге болады.



Ж. САРБАСОВА
Шиелі аудандық сотының судьясы

Жалпы егемендік алған алғашқы жылдары, яғни 1993-1995 жылдар аралығында елімізде мұндай орган жұмыс істеді. Кейіннен оның орнын Конституциялық кеңес басқан болатын. Алайда ел президентінің құқық саласына жасаған реформалары нәтижесінде аталған кеңес жойылып, Конституциялық сот қайта құрылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, Конституциялық сот – еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы бар. Жалпы, прокуратура, сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қойылатын талап айтарлықтай күшейеді. Конституциялық сот депутаттардың және Үкіметтің заң шығару жұмысына оң ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады», – деп атап өткен еді.

Былтыр Мемлекет басшысы Конституциялық сот туралы заңға қол қойды. Аталған заң жобасы 3 бөлімнен, 10 тараудан және 67 баптан тұрады. Оны мазмұны бойынша екі бөлімге бөлуге болады. Біріншісі – Конституциялық соттың және оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктермен қамтамасыз етілуі. Ал екінші бөлім конституциялық іс жүргізу тәртібіне арналып отыр.

Осы орайда баса айта кететін жайт, Конституциялық сот – еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның

үстемдігін қамтамасыз ететін орган. Ол биліктің сот тармағына жатпайды, өйткені бұл мәселе Конституцияда түпкілікті шешілген. Заңда Конституциялық сот судьяларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібіне байланысты мәселелер егжей-тегжейлі көрсетілген. Сонымен қоса олардың қаржысы мен кепілдіктері де бекітілген. Конституциялық соттың құрамына тоқталсақ, оның төрағасы мен орынбасарын қоса алғанда, 11 судьядан тұрады.

Конституциялық сотқа келіп түскен өтініштер ең алдымен тіркеліп, олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталуы тексерістен өтеді. Сот судьялары өтінішті алдын ала зерделеп, Конституциялық соттың отырысында өтінішті қарау үшін материалдар әзірленеді. Конституциялық соттың өтінішті қарау жөніндегі отырысы өткеннен кейін қорытынды шешім қабылданып, жарияланады.

Президент Жолдауда атап өткендей, заң үстемдігі қағидатының мызғымастығы – еліміздегі саяси реформалардың өзегі. Ал жүргізіліп жатқан реформалардың мазмұны мен сапасы бәрінен маңызды.

Қызылорда облысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҰСТАНЫМЫ - АШЫҚТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биылғы жылдың басты ерекшелігі ретінде аудандар мен қала әкімдіктеріне қарасты мемлекеттік сатып алу ісін жүргізетін бөлімдердің таратылып, қызметкерлерінің Қызылорда облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының балансына берілгенін атап өтсек болады. Атаулы жұмыстардың барлығы – сөз етіп отырған ашықтық, бірізділік, әділеттілік қағидастарының негізінде жасалған бастамалар. Бұл дегеніміз – жыл басынан бері аудан, қала әкімдіктері мен облыс әкімдігіне қарасты басқармалар және оларға қарасты мекемелердің барлық конкурстары тек облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы іске асырылды деген сөз. Нәтижесінде орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу арқылы барлық өткізілетін мемлекеттік сатып алу конкурстарының саны 2022 жылмен салыстырғанда 10 есеге ұлғайғанын байқай аламыз. Жыл көлемінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында жергілікті атқарушы органдарға бағынысты 1 041 тапсырыс беруші тіркелген. 2023 жылдың 5 айында облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы барлығы 2 763 конкурс жариялады. Тарқатып айтар болсақ, веб порталға орналастырылған 2 763 сатып алудың 1083-і жұмыстарға, 1072-і қызметтерге, 608-і тауарларға тиесілі. Бұл



жайлы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен өткен брифингте Қызылорда облыстық Мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Б.Шаменов хабарлады. Ол өз сөзінде: «Бүгінгі күні жарияланған барлық конкурстың 2 268-і немесе 82 пайызы аяқталды. Қалған 495 конкурстың қорытындысы мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің мерзіміне сәйкес, конкурс жеңімпаздары 2023 жылдың маусым-шілде айларында анықталатын болады. Саладағы бұзушылықтарды болдырмау және оның алдын алу мақсатында басқарма қызметкерлерімен облыстық басқармалар мен қала, аудан әкімдіктерінің мамандары үшін 22 семинар-кеңес, 10

дәріс, 3 дөңгелек үстел және барлық аудандарда 7 көшпелі семинар-кеңес ұйымдастырылды. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін және қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіру бойынша басқарма қызметкерлерімен онлайн форматта әлеуметтік желі қолданушыларын ақпараттандыру шаралары жүйелі түрде жүргізіліп келеді», – деді. Сондай-ақ, күтілген нәтижелерге қол жеткізу үшін басқарма мамандарына мемлекеттік сатып алу саласындағы біркелкі тәжірибені қалыптастыру мақсатында құқықтық оқытулар өткізу жұмыстары да жүйелі ұйымдастырылып тұратынын тілге тиек етті. Бұл бағыттағы жұмыс-

тар одан әрі жалғаса бермек. Бұған қоса, әр қызметкер заң нормаларын қолдану тәжірибесінен жинақтаған ақпараттарға талдау жасай отыра, өз ұсыныстарын басқарма деңгейінде ұсынады. Ұсыныс-пікірлер басқарма тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдерін оңтайландыру мақсатында саладағы уәкілетті орган – Қаржы министрлігіне жолданып келеді. Бұл арқылы жұмыс жүйелілігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер пайда болады дейді мамандар. Ағымдағы жылдың бес айында басқарма тарапынан 13 ұсыныс жолданған. Баспасөз алаңында брифинг спикері 2022 жылғы 1 шілдеден бастап, құрылыс-монтаждау және жобалау

жұмыстары бойынша сатып алулар рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын жаңа конкурсты қолдана отырып жүзеге асырылып жатқанын айтты. Б.Шаменов «Рейтингтік балдық жүйе бойынша ұйымдастырылатын конкурстарда конкурстық комиссия құрылмайды және сатып алу жеңімпазы ақпараттық жүйелердің (қаржылық орнықтылық, электрондық депозитарий) деректері негізінде автоматты түрде айқындалады. Осы тәсілмен 2022 жылы 10 конкурс ұйымдастырылса, 2023 жылдың есепті кезеңінде 305 конкурс өткізілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 30 есеге артқан. Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдауды және мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платформаға көшіруді тапсырған болатын. Тапсырмаға сәйкес, Қаржы министрлігімен «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылып, тиісті талқылаулар жүргізілуде. Заң жобасы ағымдағы жылдың қыркүйегінде Парламентке ұсынылады», – деді.

Жаңа заң жобасы мақұлданып, күшіне енетін болса, мемлекеттік сатып алу ісін айтарлықтай жеңілдетуге, шамадан тыс реттеуді болдырмауға, ең төменгі бағадан сапаның басымдығын белгілеуге мүмкіндік жасалады.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

МӨРТЕБЕ

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ КӨШБАСШЫСЫ



Мемлекеттегі Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты әлемдік қауымдастықта мойындалған елдердің қай-қайсысы болсын, мемлекетінің аты аталып, мемлекеттік туы көтеріліп, әнұраны шырқалатын шараларға ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өйткені онда елдің абыройы аспандап, мәртебесі көтеріледі. Мұндай жағдай күнделікті өмірде өте сирек кездеседі. Мәселен, Мемлекет басшыларының ресми іс-сапарлары мен спорттық шаралары соның ішіне кіреді. Сондықтан әлемде Қазақстан деген мемлекеттің барын көрсетіп, насихаттауда спорттың қосар үлесі қомақты.

Бүгінгі таңда Халықаралық бокс қауымдастығы (IBA) рейтингінде әлемнің 150 мемлекеті арасында Қазақстан 81 мың ұпаймен 1-орында тұр. Үздік бестікке кіретін Өзбекстан (60800), Ресей (58050), Үндістан (55500), Куба (45300) құрамаларының жинаған ұпайы бізден әлдеқайда төмен.

Қазақстан IBA-ның 27 тамызда атап өтетін Халықаралық бокс күнін биыл да қуанышты жаңалықпен атап өткелі отыр. Бірнеше жылдан бері әлемдік рейтингте көш бастап келе жатқан еліміздің жетістігі дос қуанып, дұшпан сүйінетіндей. Оның үстіне биыл Халықаралық бокс қауымдастығы құрлықтың қуатын және оның барлық елдерінде бокстың үздіксіз дамуын атап өту үшін Азия жылын атап өтеді.

Әуесқой бокстың қыр-сырын толық түсінбейтіндер «Қазақстан 2021 жылы Жапонияның Токио қаласында өткен соңғы жазғы Олимпиада ойындарында бокстан 2 қоламен жалпы командалық есепте 14-орын алған еді ғой. 2021, 2022, 2023 жылдардағы әлем чемпионаттарында да көрсеткішіміз соншалықты жоғары бола қойған жоқ. Қазақстанды бокс державасы деген шындыққа сай келмейді. Біз өзімізді өзіміз

көтермелеп, бос сөзге малданып жүрміз» дегенді де айтып жүр. Алайда жұмысына біреу үмітпен, біреу күдікпен қарап, түрлі сын айтқанымен IBA-ның елдер рейтингін ешкім жоққа шығара алмайды. Мәселен, рейтингтік оқиғалар тізбесіне көз жүгіртер болсақ, Олимпиада ойындарында 51 келіге дейінгі салмақта Сәкен Бибосынов, 92 келіден жоғары салмақта Қамшыбек Қоңқабаев қола жүлдегер атанған. 2021 жылдың қазан айында Сербияның Белград қаласында ерлер арасында өткен әлем чемпионатында Қазақстан 2 алтын, 2 күміс, 1 қоламен жалпы командалық есепте Кубаны (3 алтын, 2 қола) ғана алға салып, екінші орын алды. Ал әйелдер арасында 2022 жылдың мамырында Түркияның Стамбұл қаласында өткен әлем чемпионатында 1 күміс, 4 қоламен 8-орыннан көрінді. 2023 жылы наурызда Үндістанда өткен әлем чемпионатында 2 күміс, 4 қоламен тағы 8-орын алды. Сондай-ақ 2022 жылғы қазанда Иорданиядағы құрлықтық чемпионатта ерлер мен әйелдер боксынан 6 алтын, 7 күміс, 8 қоламен бірінші орын алды. Үздік үштікке кірген Өзбекстан 6 алтын, 3 күміс, 4 қоламен екінші; 4 алтын, 2 күміс, 6 қоламен

Үндістан үшінші орыннан көрінді. Биыл мамырда Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен ерлер арасындағы әлем чемпионатында 4 алтын, 1 күміспен жарыс қожайыны Өзбекстанды ғана алға салып (5 алтын, 2 күміс, 2 қола) екінші орынға көтерілді. Оның алдында қаңтарда Мароккодағы Алтын белбеу сериясының Марракеш турнирінде 5 алтын, 2 күміс, 3 қоламен Ресейден (12 алтын, 5 күміс, 5 қола) кейінгі екінші орыннан көрінген. Алғашқы ондықтағы спортшылар санатына қарайтын болсақ ерлер арасында 51 кг салмақта Сәкен Бибосынов, 54 кг салмақта Махмуд Сабырхан, 57 кг салмақта Серік Теміржанов, 71 кг салмақта Асланбек Шымбергенов бірінші боп тұр. 75 кг салмақта Нұрқанат Райыс, 80 кг салмақта Нұрбек Оралбай екінші болса, 92 келіден жоғары салмақта Қамшыбек Қоңқабаев үшінші сатыға жайғасқан. Ал 48 кг салмақта Теміртас Жүсіпов пен Санжар Ташкенбай бесінші, 60 кг салмақта Саматәлі Төлтаев жетінші орында тұр. Әйелдер арасында 48 кг салмақта Алуа Балқыбекова, 54 кг салмақта Жайна Шекербекова бірінші орында тұр. 57 кг салмақта Карина Ибрагимова, 81 келіден жоғары салмақта Лаззат Күнгейбаева екінші орыннан көрініп отыр. Ал 75 кг салмақта Валентина Халзова жетінші; 81 кг салмақта Гүлсая Ержан жетінші, Фариза Шолтай сегізінші; 63 кг салмақта Аида Әбікеева тоғызыншы, 70 кг салмақта Мадина Нұршаева оныншы орыннан табылып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛ

Астанада Орталық Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық форумы өтті. Ол әлемнің 25 елінің жетекші сарапшылары мен зиялыларын біріктірді. Мақсат – өңірлік ынтымақтастықты тереңдетуге жәрдемдесу, әлемдік тәртіпті өзгертуге бағытталған ақпарат және идеялармен алмасу, сондай-ақ Азияның аса маңызды қауіпсіздік мәселелерінің жаңа шешімдерін бірлесіп іздеу.



АЙМАҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІ ҰЛҒАЙТАДЫ

– Әлем Азияның ерекше экономикалық дамуының, технологиялық прогресінің және өсіп келе жатқан геосаяси маңыздылығының күәсі. Біз қазірдің өзінде «Азиялық ғасырда» өмір сүріп жатырмыз. Азия жаңа ұйылыққа ие болып жатыр. Осы аймақта мүмкіндіктермен қатар, қарастыруды талап ететін мәселелер де бар. Азияның болашағы әлем болашағына әсер етеді, – деді шараны ұйымдастырған ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) директоры Еркін Тұқымов. Оның айтуынша, бұл кездесу – Азия елдері мен Қазақстанның алдында тұрған өзекті мәселелерді талқылауға бірегей мүмкіндік. Форумның ерекшелігі – кең сараптамалық

ынтымақтастықты дамытуды өз міндеті деп санайды. Көпвекторлы саясатты жүргізу, халықаралық қақтығыстарға тартпау және ең алдымен ішкі мәселелерді шешуге және мемлекеттілікті нығайтуға көңіл бөлу өзектілігін жоғалтпайды. Бұған Президент Қ.Тоқаев жүргізіп жатқан Қазақстандағы саяси және экономикалық реформалар бағытталған», – деген Еркін Тұқымов Қазақстан үшін Орталық Азияның тұрақтылығы мен дамуы маңызды екенін ерекше атап өтті.

ҚСЗИ басшысының сөзіне қарағанда, менталдылық төңкеріс тұрғысынан, Орталық Азия өңірі 30 жыл бұрын болған өңірден ерекшеленеді. Өзгеріс жылдамдығы таңғалдырады. Одан бөлек, халық



өкілдік. Бұл – форум жұмысының таза практикалық бағытын айқындайтын, шешім қабылдау орталықтарымен тығыз жұмыс істейтін Азия континенті елдерінің «ақыл-ой орталықтары» арасындағы диалогқа арналған алаң.

«Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың берік негізін құру Қазақстанның мүддесіне сай келеді. Қазақстан бейбітшілік, ынтымақтастық және әділдік ісіне берік. Бүгінде өсіп келе жатқан турбуленттіліктің ортасында Қазақстан елдер арасындағы кең

жасы да жасарды. Егер 1990 жылы орташа жас 34 болса, қазір 28,7 жасқа тең. Жас азаматтар ұлттық бірегейлігімен ерекшеленеді, олар инновация мен жаңа технологияларға ашық. Осыған қарамастан, Орталық Азия елдері экономикалық прогресс, белсенді әлеуметтік саясат, тиімді билік пен күшті азаматтық қоғамның дамуы арасындағы табыстың формуласын әлі таба алмады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Мейрамкүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
Алматы қаласы психикалық сауықтыру орталығының психологы:

СУИЦИД: баланың өмірі ойыншық емес

Әлемдік және отандық деректер бойынша суицид статистикасы жағынан Қазақстан алдыңғы қатарда. Кей мәліметтер тіпті Қазақстанды 178-елдің ішіндегі 19-орынға тұрақтатады, енді бір дерек көздері 178-дің арасынан 91-орынды Қазақстан-ның үлесіне байлапты. Қалай десек те, екі мәлімет те көңіл көншітпейді. Өкініштісі, бұл келеңсіз жағдай балалар мен жасөспірімдер арасында кең орын алады. Мәселен, бір ғана Алматы қаласында 2022 жылы 0-14 жас аралығында 13 жағдай тіркеліп, оның үшеуі, 15-17 жас аралығында 29 жағдай тіркеліп, оның бесеуі, 18-29 жас аралығында 206 жағдай тіркеліп, 15-і қайғылы аяқталған. Қоғамды алаңдатып отырған келеңсіз мәселенің жай-жапсарын білу мақсатында Алматы қаласы психикалық сауықтыру орталығының психологы Мейрамкүл Смағұлқызына жолыққанбыз. Сұхбат барысында маман суицид себептері мен оның алдын алу шаралары, негізгі белгілері мен алғашқы көмек және арнайы орталықтар жайында сөз қозғайды.

— Суицидтің алдын алуда қандай іс-шаралар оң нәтиже беріп жатыр?

— 1999 жылы Алматы қаласындағы психикалық сауықтыру орталығындағы лабораторияға психолог-диагност болып жұмысқа кіргенмін. 2015 жылдан бастап «сенім телефонында» жұмыс істеп келемін. 2013 жылы ЮНИСЕФ-тің Қазақстан бойынша жасалған бірнеше жобасына қатыстым. Сол жобалар аясында суицидтің алдын алу бойынша Қызылорда, Астана, Тараз, Шымкент, Алматы сынды қалаларда біраз жұмыстар жүргіздік. Кейін суицид жасауға бейім адамдарға онлайн кеңестер керек екенін түсініп, сол жылы осы Алматы қаласындағы, психикалық сауықтыру орталығында сенім телефонын іске қостық.

— Адам не үшін мұндай әрекетке барады? Себебі неде?

— Ешқандай адам «өле салайыншы» деп аяқ асты өз-өзіне қол жұмсамайды. Ең бірінші, міндетті түрде суицидалды ой пайда болады. Суицид дегеннің өзі, қандай да бір өмірдегі проблемаларға, қандай да бір қиыншылықтарға бетпе-бет келген кезде саналы түрде, әдейілеп өзінің өмірін қию деген сөз. Оны «ойламаған жерден кетті» деп санау, «қолай жасайтын адам емес еді», «аяқ астынан болды» деу — қате тұжырым. Адамда бірінші міндетті түрде суицид жайлы ой пайда болады, кейін жоспар жасайды: «дәрі ішемін, тамыр кесіп өлемін, ана жерден секіріп өлемін, мына жерден асылып өлемін» деген сияқты. Ол жоспарды адам үш ай, жарты жыл, жыл бойы ойында пісіруі мүмкін. Кейін әрекет жасайды. Осы ой пайда болғаннан бастап, әрекетке көшкенге дейінгі уақытта біз көмектесе алсақ, суицидтің алдын алуға болады.

Суицид жасаған балалардың ата-анасы, достары, көрші-қолаң, сыныптастары, мұғалімдерінен сауал жүргізіп байқағанымызда, барлық қыршын кеткен балалардың өз өлімі жайлы айтып жүретінін анықтадық. Бірақ, өкінішке қарай, оған көп жағдайда жақындары көңіл аудармайды.

Негізі суицидке алып келетін фактор сан алуан. Соның ішінен маңызды деген үш факторды атап айтсақ, ең бірінші, ол әлеуметтік факторларға тәуелді. Әлеуметтік факторға не кіреді: мектебі, отбасы, дос-жаран, құрбы-құрдас т.б. Отбасындағы тәрбие, отбасындағы қарым-қатынас, отбасындағы баланың рөлі осы үлкен әлеуметтік факторға жатады. Суицид жасамақ болған балаларды зерттей келе түсінгенім, бала отбасында дұрыс, сенімді қатынас құруға тиіс. Ол әкесімен, анасы, не бауырларының біреуімен ақылдасып, сенім артып, сырласатын болса, оның тығырықтан шығуы оңай болады. Отбасындағы ішкі жай-күй — ең маңызды аспект. Баланың қоғамдағы орны, тек балалар емес, ересектердің, ер мен әйел қатынасы барлығы осы әлеуметтік факторға әкеледі. Екінші себебі, жеке тұлғалық фактор. Жеке тұлғалық фактор адамның мінез-құлқына байланысты. Өмірде әртүрлі мінез-құлық бар. Мысалы темперамент адамда туа пайда болады, ал мінез жүре қалыптасады, кейбір адамдар өте сезімтал келеді, енді бірі тұйық, оқшаулану жүргенді ұнатады. Олар ешкімге сенбейді, өз ойын ешкімге айтпайды. Кейбір адамдар депрессивті, меланхоликті

мінезді болады, ол да бір басты фактор болуы мүмкін. Үшінші себеп, медицина-биологиялық факторлар деп айтамыз. Ол отбасында біреудің суицид жасауы, немесе үлкен кісілердің қандай да бір созылмалы ауруға ұшырауы себеп болуы мүмкін. Немесе қандай да бір психобелсенді заттар есіртікі, алкоголь, синтетикалық қоспалар әсер етуі мүмкін. Себебі әртүрлі болғанымен, негізгі факторлар осы. Әлеуметтік, жеке тұлғалық, медицина-биологиялық.

— Суицидке бейім адамды қалай анықтаймыз?

— Жоғарыда айтып өткендей, адам бірден суицидке келмейді. Адамның жүріс-тұрысында, мінез құлқында өзгерістер пайда болады. Тәбеті болмай, өзінің болмысына сай емес әрекеттерге баруы мүмкін. Мысалы менің тәжірибемде суицид жасаған бала өзінің ешкімге бермейтін, жақсы көретін итін көршінің баласына берген. «Бұған мен кеткеннен кейін сен ғана жақсы қарайсың» депті. Сол сияқты суицидтік ойы бар адам өзінің заттарын сыйлыққа бере бастайды. Яғни, адамда түгелдей өзгеріс пайда болады. Кебіне бұл белгілерге бейжай қарағандықтан ба, біз осындай тұстарды өткізіп аламыз.

— Мұндай жағдайда жанашырлары қандай әрекет жасау керек?

— ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша барлық мектептерде түсіндірме жұмысы жүргізіліп, бұндай ситуацияда кімге жүгіну, не істеу керектігі жайында айтылып, арнайы сабақтар өткізіліп келеді. Жалпы бұндай белгілер анықталғанда жүйелі дұрыс жұмыс жасап, сол адаммен ашық сөйлесу керек. Мысалы мұндай баланың санасына әсер ету үшін ең бірінші міндетті түрде ата-анасымен жұмыс жүргізіледі. Кейін ата-анасының рұқсатымен ғана бала мамандар қолына беріледі. Бастысы, бізге себебін анықтау шарт. Себебін білу арқылы біз сол адамға көмектесе аламыз. Әрине, бұның барлығы адамның өз рұқсаты, не жақындарының рұқсатымен жасалатын дүниелер. Сенім телефонына хабарласқандар өтініші кезексіз қабылданады. Мамандар бір-бір жарым сағат сөйлескеннен кейін, адамды орталыққа алдыруға тырысады. Өйткені орталықта бетпе-бет жұмыс жасау әлдеқайда тиімді. Не де болса ол адаммен міндетті түрде, кеш болмай тұрып жұмыс жасау шарт.

— Оқирманға түсініктірек болу үшін тәжірибеңіздегі оқиғалардан мысалдар келтіре отырсаңыз.

— Неше түрлі қоңыраулар түседі. Соның бірі, жақында ғана хабарласқан 21 жастағы ер бала. Бірінші телефон шалғанда әзілдеп, ойнап тұрды. «Қайда телефон соқтым, анализ тапсыратын жер ме?» — деп қалыңдады. Сөйлесе келе ашылып, жағдайын баяндап берді. Үш рет суицидтік әрекет жасаған екен. Бәрі сәтсіз аяқталыпты. Сол қоңырау соққан сәтте алдына көп қылып дәрілерді үйіп қойыпты. Сұрай келе себебін анықтадық. Әке-шешесі ішкіш екен. Бірақ әкесі жақсы жерде жұмыс жасайды. Ішімдікке салынғанымен, отбасын

толық қамтамасыз етіп тұр. Баласына үй әперіп қойған, шетелге оқуға жіберген. Бала оқи алмай бір жылдан соң елге қайта келген. Сосын елдегі бір оқу орнына ақылы бөлімге түсірген. Айтуы бойынша «әкеме ренжулімін, сабақтан келсем шешем әрқашан ішіп отырады. Әкем анамды емдеуге түк әрекет жасамайды» — дейді. Әрине, ол адам өлгісі келсе кедергі жоқ еді, бірақ сенім телефонына соғып көргісі келген. Психолог деген кім, тілдесіп көрсем деген ниеті бар. «Қандай көмек бере аласыз, осы ойдан арылу үшін» деп артынша шешіліп, ақтарылды. Бір сағат қырық минут әңгіме ба-



мелейтін ішкі жанайқайы. Олар өлуден басқа мәселенің шешімін көрмейді. Мысалы алдыңғы жұмыс кезегімде үш қоңырау түсті. Үшеуі де 19-23 жас аралығындағы жігіттер. Олар әртүрлі өңірдің адамы, бірақ басына түскен ситуация бірдей. Ойынқұмарлық. Қаншама қарызы бар, бір кредиттен екіншісіне кірген. «Үйге көрінер бет жоқ» дейді. Ойынқұмарлық дегеннің өзі психикалық ауруға жатады. Оны комплексті емдеу керек. Бірақ оны көбісі мойындай бермейді.

— Осы мәселені шешудің жолы қандай?

— Суицидтік ойы бар адамға мылтықтың шүріппесі басылғандай ғана уақыт жеткілікті. Италияда мысалы, арнайы палаталар беріліп, әр адамға бір қараушыдан бекітілген. Ол қараушы, өз пациентін қайда барса да қарап жүреді екен. Ал бізде қынжылтар дүние көп. Елімізде негізі психотерапевт маман жетіспейді. Біздің орталықтың өзінде бір-ақ штат бар. Ол маманның күніне 2-3 адам қабылдаған соң жұмыс жасау эффектісі төмендейді. Өлімнен басқа шешім көрмей тұрған адаммен сөйлесу оңай емес. Менің өзім күніне 4-5 адамды телефонмен қабылдаған соң сарқылып қалам, ары қарайғы жұмыс өнімді болмайды. Үкімет көп дүние қарастырып, ашып жатыр дейді, жастар орталығы т.б. сынды. Бірақ шындап тексеріп барып қарасаң сондағы психотерапевт мамандарға қарапайым кабинет бөлінбегенін көресің. Мысалы бағанағы үш бала да «апай, қайда барып емделсек болады?» — деп сұрады. Сондайда жауап беруге қиналып қаламын.

Өзін-өзі өлімге қию деген, адамның соңғы шекарасы деген сөз. Көп факторлар, әсіресе жұмыссыздық, ойынқұмарлық, тәуелділік адам-дық құрғатын дүние. Оқу біткен адамдардың көбі мамандық бойынша жұмысқа кіре алмай тозып кетеді, алдағы уақытқа деген белгісіздік өте қауіпті. Психология Қазақстанда кенже қалған ғылым. Өзім мемлекет адамымын, айына 180 мың алам. Алдағы уақытта дамуына, біліктілігімді арттыруға мүмкіндік жасау қиын. Осы жайттар ескерілсе екен. Өйткені ғылым бір орында тұрмайды. Ең озық құралдармен жұмыс жасау әрқашан тиімді. Оның үстіне, біздің елдегі жағдай дамуды талап етеді. Баланың өмірі ойыншық емес. Бізбен байланысуға қорқы, не арлану өте қате дүние. Біздің жақындарымызға, дос, туысмызға деген бей-жайлығымыз — талай өлімнің себебі. Ашық диалог, бірауыз жылы сөз көп мәселені шешеді.

Осыған ұқсас жағдай бойынша «Жедел желі» нөмірі тәулік бойы жұмыс істейді. Көмек қажет кез келген адамдар мына номерлерге - 376-56-60, 8-708-983-2863 хабарласа алады.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

РЕФОРМАЛАР ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН

Табысты сот реформасының негізгі элементі сот билігінің тәуелсіздігін ілгерілету болып табылады. Қазақстан судьяларға заңның үстемдігіне негізделген бейтарап шешімдер қабылдауға мүмкіндік бере отырып, сот жүйесін заңсыз ықпалдан оқшаулау жөнінде елеулі шаралар қабылдады. Судьяларды іріктеу, тағайындау және жоғарылату процестерін жақсартатын реформалардың арқасында тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты.

Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес реформадағы басты басымдық. Сондай-ақ, жаңғырту құқықтық жүйесінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Медиация және төрелік сияқты дауларды шешудің балама тетіктерін енгізу істерді қарауды жеделдетіп, сот жүктемесін азайтты. Сонымен қатар, құқықтық рәсімдерді жеңілдету және құқықтық сауаттылықты арттыру жөніндегі бастамалар сот төрелігі жүйесін әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан барлық азаматтар үшін қолжетімді етті. Ашықтықты арттыру, тәуелсіздікті нығайту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің арқасында Қазақстан әділ және есеп беретін сот жүйесін құру жөнінде маңызды қадамдар жасады. Халықаралық ынтымақтастық пен озық тәжірибелерді енгізудің арқасында Қазақстан реформалар

жолын жеделдетті. Қорыта айтқанда, Қазақстанның сот жүйесінде жүзеге асырылған жаңашылдықтар құқықтық өрістің және жалпы қоғамның әртүрлі аспектілеріне оң әсер етіп, көптеген пайда әкелді. Бұл Қазақстандағы заң үстемдігін нығайтты. Әрі қоғамның әділет жүйесіне деген сенімін нығайтты. Заңның үстемдігін нығайту, әділеттілікке қолжетімділікті арттыру, сыбайлас жемқорлыққа тоқпауы қою, дауларды шешуді жеделдету, инвесторлардың сенімін нығайту, кәсібилікті арттыру әділетті, ашық және гүлденген қоғамға жол ашты. Мұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

А.САБЫРОВ

Қызылорда облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Сотта жүргізілген жаңа бастамалардың түпкі мақсаты бір, ол халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған. Себебі, халық саланың жұмысына көңілі толған, сапасына көзі жеткен кезде ғана соттың ертеңіне сенеді, әділдіктің барына, төреліктің туралығына күмән келтірмейді. Айтқуға оңай болғанымен, сенімнің мысқалдап жиналатынын ұмытпауымыз керек.

Ол үшін сот саласында тұғырлы реформалар жасау азық етеді. Бізге осы реформалардың маңызын, мақсатын, игілігін түсіндіру қажетті шара. Мәселен Самар аудандық сотында тұрғындарды қабылдау тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Мұндай қабылдауларды ұйымдастырмас бұрын жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арқылы хабарлама жасап, халықтың көкейінде тұрған сұрақтарды жинастыру қашанғы әдетіміз. Осы сұрақтарды сайт беттерінде құқықтық кеңес беру-дің пайдасы зор. Бұл халықтың

АЗАМАТТАР СЕНІМІ МАҢЫЗДЫ



құқықтық сауатын көтеріп қана қоймай, қылмыстан бойын аулақ салуына, алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына сепп.

Сонымен қатар, азаматтарды қабылдау арқылы әрбір төраға, әрбір судья өзінің халықтың адамы, елдің шын жанашыры екенін көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еститін, халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясының мақсаты да осы. Әрбір қабылдауда азаматтарға жылы қабақ танытып, сөзін зейін қойып тыңдап, құқықтық кеңес берудің қаншалықты маңызды екенін өз тәжірибемізден көріп, біліп жүрміз. Өйткені сот ғимара-

тына азаматтар бекерден-бекер келмейді. Өз мәселесін заңды түрде шеше алмаған, шарасыздықтан шаршаған, құқықтық сауатының кемдігінен зардап шеккен азаматтар сотты қорған тұтады. Біз осы көмек сұраған азаматтарды шетке қақпай, мәселені заңды жолмен тиімді реттеудің тәртібін нұсқауға тиіспіз.

Сонымен қатар, сот жұмысын мейлінше ашық ету, сот кеңсесінің қызметін оңтайлы ұйымдастыру да азаматтар сеніміне әсер етеді.

Б.ҚАДЖИАҚПАРОВ,
Шығыс Қазақстан облысы Самар аудандық сотының төрағасы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Мендіғали БАҚТЫҒҰЛОВ, Атырау қаласы №2 сотының судьясы:

«ТҮЗЕЛЕМІН, ЖАҢА ӨМІР БАСТАЙМЫН ДЕГЕНДЕРГЕ МҮМКІНДІК БАР»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заңнама жазаны өтеуден босатудың негізі ретінде бірнеше мән-жайларды қарастырады. Олар ҚАК-тің 161-бабына сәйкес: 1) сот үкімі бойынша тағайындалған жаза мерзімін өтеп болу; 2) іс бойынша ақтау үкімін шығарумен немесе іс жүргізуді тоқтатумен сот үкімінің күшін жою; 3) жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату; 4) жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру; 5) рақымшылық жасау туралы акт; 6) кешірім жасау туралы акт; 7) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеде көзделген, сотталған адамның ауруы.

Соның ішінде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру ҚК-нің 72 және 73-баптарымен, ал кәмілетке толмағандарға қатысты бұл мәселе ҚК-нің 86 және 87-баптарымен реттелген. Заң шығарушы егер сот сотталған адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет емес деп танытқан болса, бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды заңда көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын сотпен босату мүмкіндігін қарастырады. Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам тиісті мерзімді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылады және бұл императивтік норма екенін атап өту қажет.

– Заңнамалық тұрғыдан бекітілген бұл жеңілдікті барлық сотталған азамат пайдалана ала ма?

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталғандардың барлығына бірдей қолданылмайды, қылмыстық заңнамамен кейбір санаттағы қылмыс жасаған адамдарға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға шектеулер қойылған. Атап

айтқанда, өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен не өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған; адамдардың қаза табуына алып келген не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған адамдарға (ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар жасаған) жағдайларды; ынтымақтастық туралы процесстік келісімнің барлық талаптарын орындаған сотталғандарды қоспағанда, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін сотталған; кәмілетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты кәмілетке толмаған адам он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмілетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайы қоспағанда) қолданылмайды. Жазаны жеңілдету мүмкіндігін қолданудың реті заңнамада жан-жақты көрсетілген. Мәселен, адамдардың қаза табуына әкеп соқтырмаған және аса ауыр қылмыстың жасалуымен ұштаспаған террористік немесе экстремистік қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі тек террористік немесе экстремистік қылмысты болдырмауға, ашуға немесе тергеу-тексеруге, террористік немесе экстремистік топ қатысушыларын әшкерелеуге белсенді түрде жәрдемдескенде ғана берілуі мүмкін. Сондай-ақ, сотталған адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға өтініш бере алады.

Заңда жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балалары жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және



ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеңілдік көзделген. Оларға жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін жеңілдік қолданылуы мүмкін. Тағы бір ескеретін мән-жай – сотталған адамның бас бостандығынан айыру жазасын іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

– Ал жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жаза түріне ауыстыруға кімдер құқылы?

Қылмыстық заңнамаға сай онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген не жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы мүмкін. Сотталған адам онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жа-
сағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмысы үшін жаза мерзімінің үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы мүмкін.

сағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмысы үшін жаза мерзімінің үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Бұл жағдайда да кейбір санаттағы қылмыс жасағандарға шектеулер бар екенін атап өткен жөн. Нақты айтқанда, кәмілетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты кәмілетке толмаған адамға дейінгі кәмілетке толмаған адамға қатысты жасау жағдайын қоспағанда, осындай қылмыс, адамдардың қаза табуына алып келген не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс үшін сотталған адамдарға қатысты жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру қолданылмайды. Тағы бір ескеретін жайт – шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жазаның өтелмеген бөлігі Қазақстан шегінен тысқары жерге шығарып жібере отырып немесе онсыз, айыппұлға ғана ауыстырылуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі екі түрлі жеңілірек жазаға – бас бостандығынан шектеу немесе айыппұл жазасына ауыстырылуы мүмкін. Бұл жағдайда сот бас бостандығынан айырудың төрт күніне бір айлық есептік көрсеткіш есебімен айыппұлды не бас бостандығынан айырудың бір күніне бас бостандығын шектеудің бір күні есебімен бас бостандығын шектеуді таңдауы мүмкін. Айыппұлға ауыстырудың міндетті шарты қылмыспен келтірілген залалды толық өтеу болып табылады.

– Жазаны жеңілдетуде қандай мәселелерге мән беріледі?

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау кезінде сотталған адамның, қорғаушының, жазаны орындайтын мекеме немесе орган өкілінің, прокурордың сот отырысына қатысуы міндетті. Сондай-ақ жәбірленуші не оның өкілі қатысуға құқылы. Әрине, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және олардың өкілдерінің келмеуі

өтінішхатты қарауға кедергі болмайды. Сот оларға өтінішхаттың қаралатын күні, уақыты мен орны туралы тиісінше хабарлауға міндетті.

Сотталған адамның заңмен көзделген жаза мерзімінің бір бөлігін нақтылы өтеуі шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру үшін сөзсіз негіз бола алмайды. Бұл мәселені шешу кезінде соттар әр іске жеке мән беріп, өтінішхатта және өзге де материалдарда келтірілген мәліметтердің жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру үшін жеткіліктілігін әрбір талқылау кезінде анықтауға, яғни сотталған адамның тәртібіндегі өзгерістерді бағалауға тиіс.

Соттар сотталған адамның тәртібіне баға беру кезінде олардың ішкі тәртіп қағидасын сақтауын, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, көтермелеулерді, жазаларды, туған-туыстарымен және сотталған адамдармен қарым-қатынасты сақтауын, оқуға көзқарасының оң немесе теріс бағытын, залалды өтеуін, жеңіл тұрмыстық жағдайға ауыстыруды және сотталған адамның түзелгенін айғақтайтын басқа да мән-жайларды ескеруі тиіс.

Соттың сотталған адамның түзелгені туралы тұжырымы өтінішхаттың дәл қарау алдындағы уақыт ішіндегі ғана емес, сонымен бірге үкім шығарылғанға дейін қамауда ұсталған уақытына қоса есептелгенде оның мекемеде болған бүкіл кезең ішіндегі тәртібі туралы деректерді жан-жақты ескеруге негізделуі шарт. Белгіленген талаптың дұрыстығы соттардың жеке іс материалдарын мұқият зерттеуінің негізінде анықталады.

Сотталған адамның түзелу дәрежесін зерттеу кезінде оған қолданылған тәртіптік жазаның әрбір фактісін зерделеу қажет. Сонымен қатар сотталған адамның қылмыспен келтірілген зиянды өтеуден жалтаруы (мүлікті, кірістерді жасырып қалу, жұмыстан жалтару жолымен және т.б.) шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыруға кедергі болуы мүмкін.

– Құқықтық түсіндірмеңізге рақмет! Халық алғысына бөлене беріңіз!

**А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»**

КИЕ

«ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІңді ҚҰРМЕТТЕ!»

Тіл қай елде, қай ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналадағы адамдарға өзіңнің өскен ортаға, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады.



Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ тілінің мемлекеттік, саяси ауқымы сонау патшалық отарлау заманы кезінен бастап-ақ төмендей бастағаны байқалады. Түрлі саяси өзгерістер мен ұжымдастыру жылдарында жіберілген қателіктер, ашаршылық салдары Қазақстандағы демографиялық процестердің қалыптасуына ықпал етті, сайып келгенде, мұның өзі қазақ тілінің дамуына орасан зор зиян келтірді. Басынан осыншама қиын-қыстау кезеңді өткерсе де, бабаларымыз «тілімің болашағы – ұрпағымың болашағы» деп басын бәйгеге тікті. Бабалар аманатына адал болу – ұлтқа сын.

Ел Конституциясының 7-бабында Қазақстан Респуб-

ликасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені көрсетілген. Бүгінде жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың алдында бірнеше тілді қатар меңгеру қажеттілігі тұр. Өзі өмір сүріп отырған заманның қарқынына иелесу, дамыған отыз елдің сапына түзелу үшін, әлемдік аренада өзіндік орны бар алып тілдерді меңгеру талабы тастай қағида болып тұрғаны бәрімізге мәлім. Осы жолда өзге тіл мен өз тілінің қадір-қасиетін ажырата білетін, басқа тілдерді жетік меңгере отырып, ұлт тілін биіктерге көтеретін кемел ұрпақты дайындау – үлкен міндет.

Тіл – ұлттың жаны. Өз тілін өзін білмеген ел болмайды. Тілінен айрылған ұлттың ұлт ретінде жойылатыны, ерекшелігінен айырылатыны хақ. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы

сөйлесең – күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу – сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей берудің үлкен қателік екенін көптеген ойшылдар айтып кеткен. Еліміздің ертеңі – жас ұрпақтың санасына тілді қадірлеуді сіңіру, жүрегіне тілге деген құрметті, сүйіспеншілікті, жанашырлықты ұялату – сіз бен біздің парызымыз.

Мемлекеттік тілді дамыту бағдарламаларына байланысты бүгінде сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданысы аясы ұдайы назарда. Тіл саясаты тиісті бағамдар бойынша қадағаланып, табанды түрде жүргізіліп отыр. Атап айтқанда, соттардың кіріс-шығысы, ішкі және жалпы құжат айналымындағы қазақ тілінің үлесі жоғары. Бүгінде қазақ тілі сотта да лайықты орынға ие және заңгерлер қауымдастығы қазақ тілінде талап қойып, істердің мемлекеттік тілде қаралуы көбеюде. Сонымен қатар мемлекеттік органдар арасында құжат айналымы да толық қазақ тіліне өткенін атап өткен жөн.

Тіл болашағы – ел болашағы. Заңмен бекітіліп қағида ны орындау – әрбір азаматтың борышы. Ендеше, әрбір қазақ үшін өз ұлтының тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарайтын уақыт келді. Саны көп, жарнамасы озып тұрған өзге ұлттардың тіліне қызығамыз деп, өзіміздің асыл қызынамыз, аса бай тіліміз – қазақ тілінен көз жазып қалмайық!

**Марат ШАРИПОВ,
Түркістан облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы**

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

СЕНІМХАТТЫ ОНЛАЙН РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

Бәрімізге белгілі, бүгінге дейін «қолхат», «сенімхат» секілді құжаттарды ресімдеу үшін нотариусқа барып, құжатқа қол қою қажет болатын. Ал цифрлы технологияның қарқынды дамуының арқасында сенімхатты сенім білдірушінің электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электронды құжат нысанында ресімдеу мүмкіндігіне ие болып отырмыз.

Қызметтің бұл түрі eGov Mobile қосымшасында қолжетімді. Жуырда Қазақстанда сенімхаттарды онлайн ресімдейтін «Цифрлық нотариат» жобасы іске қосылды. Бұл – Әділет министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бірлескен пилоттық жобасы. «Жобаның бірінші кезеңінде онлайн форматта сенімхаттың тек үш түрі ресімделген еді. Алайда, жобаны жүзеге асыру барысында тұрғындардың өмірлік жағдайына қарай сенімхаттар тізбесін кеңейту қажет болды. Осыған байланысты, мүлікке иелікте етуге байланысты сенімхаттардан өзге сенімхаттардың барлық түрлерін осы тізбеге енгізу туралы шешім қабылданды», – деді вице-министр Бекболат Молдабеков.

Аталмыш жоба азаматтарға сенімхаттың Қазақстанның барлық мемлекеттік органдарында және басқа да құзыретті органда



Болат УСИПБЕКОВ,
Шымкент қаласы
Әділет департаменті
басшысының
орынбасары

рында, мекемелерінде, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарында мүддесін білдіруге; мұрагерлік істі жүргізуге; Қазақстан соттарында істерді жүргізуге онлайн режимінде ресімдеуге мүмкіндік береді.

Халық арасында нотариаттық куәландырылған

сенімхаттарды алу қызметі кең танымалдыққа ие. «Дүниежүзінде сенімхаттың онлайн нотариалды куәландырылуы Франция мен Литва елінде ғана бар. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында осы мемлекеттердің қатарына қосылып отырмыз. Кез келген азамат шетелде, аурухананда немесе жолда болса әрі нотариусқа баруға мүмкіндігі болмаса, нотариуспен онлайн байланысып, нотариалдық сенімхаттарды куәландыра алады. Бұл пилоттық жоба болғаннан кейін кейбір құжат түрлері ғана қолжетімді болады. Әзірге үш-төртәуі ғана. Мысалы, сотта мүдделерді білдіру және т.б.», – деді Әділет министрі Азамат Есқараев.

Цифрлық сенімхатты төмендегідей қадамдарды орындау арқылы ресімдеуге болады:

- eGov Mobile қосымшасына авторизациядан өту;
- өтінімді толтырып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қою;
- онлайн қызмет түрін алушы өзінің жеке басын растау үшін мобильді қосымшада нотариусқа бейнеқоңырау шалу;
- белгіленген тариф бойынша нотариус қызметіне ақы төлеу.

Ал «Сандық құжаттар» бөліміне өту арқылы алынатын сенімхаттың бұл түрі оның қағаз нұсқасында қолдануға жарамды.

Құжаттардың сандық жүйеге көшуі, Мемлекет басшысының жолдауында айтылғандай, үшінші жаңырту бағыты бойынша жұмыс істеді жандандыра түспек.

